



ИННОВАЦИЯ - БОЛАШАҚ

1 ЖЕЛТОҚСАН— ҚР ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!



1991 жылғы 1 желтоқсанда бүкілхалықтық сайлау нәтижесінде еліміз өзінің тұңғыш Президентін сайлады және осы күннен тәуелсіздік тарихы басталды.

2011 жылғы 14 желтоқсанда Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» ҚР Заңына толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қойды. Ел Парламенті қабылдаған заңға сәйкес 1 желтоқсан— ҚР Тұңғыш Президенті күні – мемлекеттік мереке ретінде белгіленді. Содан бері Қазақстан халқы осы күні еліміздегі елеулі оқиға тұңғыш президент күнін атап өтеді.

Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің республикаға сіңірген зор еңбегі танылады. Заңды қабылдау мемлекетіміздің азаматтарының отаншылдық рухын арттыра түседі. Тәуелсіз Қазақстанның іргетасын қалап, шекарасын бекітіп, болашаққа бағдар берген Елбасының

тындырған шаруасы көп. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың салиқалы саясатының арқасында тәуелсіз Қазақ елі қалыптасып, тарихымыз түгенделіп, тіліміз тірліп, дініміз, діліміз қайта оралып, мемлекетіміздің ұлттық рәміздері таңбаланып қабылданды. Егеменді еліміздің көк туы желбірегеннен бері шетелдермен экономикалық- мәдени байланыстар дамып, жер-көк біздің елді мойындап келеді. Ең бастысы—елімізде тыныштық. Ежелден қиындыққа көнбес халқымыз қабырғаны қайыстырар басына небір іс түскенде «Бас аман, ден сау болсын, бәрі болады!..» деп сабырға шақырмаушы ма еді?! Иә, қазір бүкіл әлем қиын дағдарысты, ақшаның күнсыздануы, экономиканың құлдырауы, әлеуметтік жаңдайлардың нашарлауы, лаңкестік соңыс және т.б. ғаламдық деңгейдегі тауқыметтерді бастан кешіріп жатыр. Біздің халыққа да, ата-ана, отбасыларымызға да оңай тиіп отырған жоқ.

Елбасы: «Мен жастарға сенемін!» деп бізге сенім артса, ал біздер, оның жүргізіп отырған сындарлы саясатына, тығырықтан алып шығатын шалымды саясатына, ақыл-ойына сенеміз. Жарқын болашаққа сенеміз. Ендеше 550 жылдық тарихы бар қазақ хандығының қазіргі Елбасыдай тұлғасы, 1 желтоқсан— ҚР Тұңғыш Президенті күні құтты болсын!



Елімнің үмітін
Ақтап,
Ұлтымның көш-
басшысы
Бірлікті берік
Сақтап.
Асамыз асулар-
дан
Құламай тасу-
лардан
Әлемнің алды
болу
Ол үшін асыл
Арман



Халқымның көшбасшысы
Тәуелсіз қазақ елім,
Бақ қонған ғажап елім.
Нұрсұлтан Назарбаев
Артамыз сізге сенім.
Елім деп, жерім деген,
Адымдап сенімменен.
Халқымның көшбасшысы
Еңбектен ерінбеген.
Президент ең алғашқы,
Қырандай самғап ұшты.
Халқымның көшбасшысы
Келер күн құшақ ашты.
Жұртымның көшін бастап,

Үлгі боп келешекке
Балаға, ересекке
Президент даңқымызды
Көтерер келешекте
Биік боп көздегені
Бірлік боп іздегені
Халқымның көшбасшысы
Жастарға ол сенеді
Уәдені біз сақтаймыз
Біз жастар құр жатпаймыз
Үмітін елбасының
Шынында біз ақтаймыз!



«Халық банк» АҚ ұсынған атаулы шәкіртақыны «Ф-31» тобының студенті Қоңырбаева Аида ұтып алды.

Жоғарыда көрсетілген белсенді студенттердің барлығы «Қаржыгерлер» күніне арналған сайысқа белсенді қатысты.

Сайыстың ерекшелігі болып командалардың құрамасы 1-4 курс студенттер қатарынан топтастырылды. Сайысқа «Дети рынка», «Фиксик», «ФинФреш» және «Алтын қаржыгерлер» атты топтар қатысты. Аталмыш іс-шара өз кезегінде бірнеше сайыстан тұрды: «Таныстыру», «Жұлдызды би кеш» және ең шешуші сайыс «Қаржыгердің бір күндік өмірі». Командаларды жанкүйерлері барынша демеу жасап, қолдау көрсетіп ойыншыларды ыстық ықыластарымен жігерлендіріп отырды.

Командаларды қолдап, қаржыгерлерді кәсіби мейрамымен құттықтауға Темірбекова Фариза және Каримов Әлшіер «Струны души» атты биімен келсе, көрермендер Әділқазылар өз бағасын шығарғанша Сембайұлы Медеумен сыйқыр әлеміне саяхаттап қайтты. Флейтаның әсем үнімен Каримов Әлшіер кешімізді одан әрі әрлендірді.



Рүстем, Мадина, Медетбек атты өнерлі студенттеріміз өз шығармашылығымен көрермендерді тәнті етті. Іс-шараның соңында «Ф-42» тобының студенті Сармурзин Ернар әдемі сазды даусымен өнімен қонақтарымыздың көңілін көтерді.

Осылайша «Қаржыгерлер» күніне арналған «Қаржы» кафедрасының оқытушылармен ұйымдастырылған іс-шара жоғарғы деңгейде өтіп, «Алтын қаржыгерлер» тобы өнері, тапқырлығы, сөйлеу мәдениеті мен конкурстарға дайындалу деңгейінің жоғары болуына байланысты жүлделі бірінші орынға ие болды.

«Қаржы» кафедрасының аға оқытушысы Түсіпбаева А.Д «Ф-21» тобының студенті Нүргелді А.

ҚАРЖЫГЕР БОЛУ — МАҚСАТЫМ!

Еліміздің шет елдермен иық тірестіріп тұруының бірден бірі жетістігі жергілікті экономикамыздың алға басуы десем артық айтпаймын. Неге десеміз, бүгінгі таңдағы келелі мәселелердің көп түйіні қаржыға келіп тіреледі. Осы тұрғыда қаржыгерлердің маңдай тер, табан ақысы елеулі қаралатыны анық.

Мектеп қабырғасында оқып жүргенімде статистикаға немесе экономикалық жаңалықтарға құмартып өстім. Осы ықыласым өсе келе университет қабырғасындағы «Қаржы» факультетінің студенті болуыммен ұштасты. Бұл мамандықты таңдау себебім: еліміздің әлі бағындырмаған сан соқпақты асуларына шығуына өз тарапымнан көмектесіп, үлес қосу мақсаты болып табылады.

Қаржыгер — қыр-сыры мен күнделікті ізденісі таусылмайтын мамандық. Қазіргі жаһандану атты алып дәуірде, қай кезде болмасын сұранысқа ие мамандық десем артық айтпаймын. Осы тартымды мәнділігімен, «Мәңгілік ел болудың» мұратымен бірталай шаруаларды қолға алсақ болады.

Теңге бағамының күнделікті өзгеруі халқымыздың тауқыметі ғана емес қаржыгерлері де күнделікті бақылауында. Осы қиындықтардан алып шығып, оның алып отырған күнсыздандудың толқымалы өзгерістеріне тосқандық қоюшылар да біздер сияқтымыз.

Адамзат кез-келген жұмыстың, әр мамандықтың абыройлы екендігін және де маманның өз жұмысына қаншалықты жауапкершілікпен қарап қаншалықты ынта-жігермен жұмыс істейтініне байланысты нәтижелерге қол жеткізуге болатындығын әрқашан мойындап отырған. Пайдалы кәсіптің барлығы өз мәнінде ерекше және маңызды.

Мен өз мамандығыммен мақтана отырып, келешектегі жоспарларыма өте жауапкершіліктен қарауға үйренуге үнемі талпынуым, істің қыры-сырын жете меңгерудің шебері болып

шығуым керек деп есептеймін. Бір тындырған іспен болдым деп данадайсуға болмайды. Өмір күнде өзгеріп, тіршілік қилы жаңалықтарын алға тосады. Күтпеген жағдайлар, шешуі қиын мәселелер болады. Оны біліктілікпен шешу- білімді, белсенді, еңбекқор, еліміздің үміт артар болашағы біздерде, жастарда деп білемін.

Болашақта еліміздің, жеріміздің, мемлекетіміздің экономикалық- әлеуметтік хал- ахуалы біздің қолымызда деп сенемін.
Төлеуғалиева Айдана, «Ф-21» тобы

СЕНІМДІЛІКТІ ОЯТҚАН СЕМИНАР-ТРЕНИНГ



ҚИУ-да қазан айының 17 жұлдызында «Мәңгілік елдің болашағы – жастар», – деп экономика ғылымдарының



докторы, профессор Н.Ә. Әпсәләмовтың айтқанына сүйене отырып, Қазақстан инновациялық университетінде Мәңгілік елдің жастарына, университетіміздегі «Жас Отан» жастар

қанаты қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен «Жастар – Отанға» республикалық жобасы аясында «Топтың рухын көтеру» тақырыбында топпен жұмыс жасау, топты нығайту, жетекшілік белсенділік қасиетті арттыру мақсатында семинар – тренинг өткізілді.

Жалпы тренинг университетіміздің «Жас Отан–жастар қанаты» қоғамдық бірлестігінің құрамына жаңадан қосылған бірінші курс студенттеріне арналды. Алайда, басқа да жоғарғы оқу орындарынан талантты, жан – жақты білімді, өнерлі студенттері де белсене қатысушылар санатында болды. Семинар – тренингке жетекшілік еткен «Ф– 43» тобының студенті Идришева Жанар, яғни мен болдым.

Негізінен, тренинг студенттердің көңіл– күйін көтеріп қана қоймай, сонымен қатар бауырмалдылыққа, сенімділікке, белсенділікке ынталандырды. Студенттердің тағы да бір қадам бір – біріне жақын болуы үшін ұйымдастырушылар «Кофе-брэк» ұйымдастырды.

Университетімізде «Қаржы» кафедрасының қолдауымен бұл семинар – тренинг өте жоғарғы деңгейде өткізілді. Тренинг соңында, еңселі еліміздің болашағы, яғни жалынды жастарға белсенді қатысқандары үшін сертификаттар табысталды.

Ел ертеңінің сенімді тұғыры болатын, өскелең ұрпақ Қазақстан инновациялық университетінің «Экономика және ақпараттық жүйелер» факультетінің деканы Шайыхова Мадина Қасымқызына және «Қаржы» кафедрасының оқытушыларына ризашылықтарын білдіреді!

**Идришева Жанар
«Ф– 43» тобының студенті**



ҚЫЗЫҚ ҚУЫП КЕЛМЕЙМІЗ, ОҚУ ҮШІН...

Өмірде ең қызық кезең “Студенттік өмір” деп ойлайды көпшілік. Бірінші курс — “Балмұздақ” атанып, үлкен оқу орнын қызықтап, мұғалімді көріп арыстанды көрген қояндай қорқып

(ЖАЛҒАСЫ 4 - БЕТТЕ)

ЖАН-ЖАҚА ЖАЛТАҚТАП ЖҮРЕТІН, ЕКІНШІ КУРС — УНИВЕРСИТЕТ ҚАБЫРҒАСЫН БОЙЫ ҮЙРЕНІП, СЫНАҚ КІТАПШАСЫН ТОҚСАНҒА ТОЛТЫРЫП, МӘЗ БОЛЫП ЖҮРЕТІН, ҮШІНШІ КУРС — БІЛІМ АЛУДАН ҰЙҚЫНЫ АРТЫҚ КӨРЕТІН, МҰҒАЛІММЕН ҚҰРБЫ-ҚҰРДАСША СӨЙЛЕСІП ЖАҚСЫ БАҒАНЫ ҚОРЖЫНҒА САЛЫП ЖҮРЕТІН, ТӨРТІНШІ КУРС — ПРАКТИКА, ДИПЛОМ ДЕГЕН ЕКІ СӨЗДІ КӨП ҚАЙТАЛАЙ БЕРЕТІН, ТӨРТ ЖЫЛ ТӨРТ СЕКУНДАЙ ӨТКЕНІН ЕСКЕ ТҮСІРІП, САҒЫНЫШПЕН ҮЛКЕН ӨМІРГЕ АЯҚ БАСАТЫН КЕЗЕҢ. ҚЫЗЫҒЫ МЕН ҚОСА ШЫЖЫҒЫ ДА ҚАТАР ЖҮРЕТІН БҰЛ КЕЗЕҢДЕ ТАЛАЙ ЖАСТАР БОЛАШАҚ ӨМІРІН АЙҚЫНДАЙДЫ, ДОСТАРЫН, КЕЙБІРЕУЛЕРІ ӨМІРЛІК ЖАРЫН ТАБАДЫ. БІРЕУЛЕР ҮШІН БҰЛ КЕЗЕҢ ТҮК ТЕ ҚЫЗЫҚ ЕМЕС, САБАҚҚА ҚАТЫСПАЙ, АСХАНАҒА КЕЛІП, «ПИЦЦА» НЕ «ХОТ-ДОГ» ЖЕП ҚАРЫН ТОЙДЫРУДЫ ҒАНА ҚАНАҒАТ ТҮТАТЫН, АРАЛЫҚ БАҚЫЛАУ КЕЗІНДЕ БІР КЕЛІП МҰҒАЛІММЕН КЕЛСІМДІ ТҮРДЕ БАҒА АЛАТЫН ЖАСТАР ДА БАР. АЛ БІРЕУЛЕРІ ҮШІН БҰЛ УАҚЫТ — АЛТЫННАН ДА ҚЫМБАТ, КҮНІ-ТҮНІ КІТАПТАН КӨЗ АЛМАЙ, БІЛІМ АЛУ, ОҚУ, БОЛАШАҒЫМДЫ ЖАСАЙТЫН ӨЗІМ ДЕП БІР МИНУТЫН ҚҰР ЖІБЕРМЕЙТІН ЕҢБЕКШІЛ ҚҰМЫРЫСҚА СЕКУНДІ ЕРІНБЕЙТІН ЖАСТАР ДА БАР (БҰНДАЙЛАРДЫ КЕЙБІРЕУЛЕР КЕЛЕМЕЖДЕП, «ОҚЫМЫСТЫ» ДЕП ШЕТТЕТУІ ДЕ МҰМКІН). БІРЕУЛЕР ҮШІН БҰЛ УАҚЫТ БОЙДА БАР ТАЛАНТ-ҚАБІЛЕТІН АШУҒА КӨМЕК БЕРЕДІ. БІРЕУЛЕРІ СТУДЕНТТІК ҚОҒАМДЫҚ ӨМІРГЕ БЕЛСЕНЕ АРАЛАСУ АРҚЫЛЫ ӨЗІНЕ ТӘЖІРИБЕ ЖИНАЙДЫ, МЫСАЛЫ БІР СТУДЕНТ КӨП ШІЛІК АЛДЫНДА ҚЫСЫЛМАЙ СӨЙЛЕУДІ ҮЙРЕНЕДІ, БІРЕУЛЕРІН ТҮСІНУ МҰЛДЕМ ҚИЫН, САБАҚТАН ҚАЛМАЙДЫ, САБАҚ АЙТПАЙДЫ, НЕ ТОБЫМЕН АРАЛАСПАЙДЫ. МҰНДАЙ АДАМДАРДЫ АТА-БАБАМЫЗ БҰРЫН «КІСІ-КИІК» ДЕП АТАПТЫ. ҚАЛАЙ ДӘЛ ТАУЫП АЙТЫЛҒАН АТАУ, Ә?! КИІК ДЕГЕН АҢ (ӨЗІ МОМАҚАН, ЯғНИ ЖЫРТҚЫШ ЕМЕС ДЕГЕНІМ ҒОЙ, ШӨП ҚОРЕКТІЛЕР КЛАСЫНА ЖАТАДЫ) ӨЗІНЕ ҚАУІП ТӨНГЕНІН БІЛСЕ, ОРҒЫТЫП ҚАША ЖӨНЕЛЕДІ ҒОЙ. АЛ «КІСІКИІКТЕР» АДАМДАРДАН ҚАШҚАҚТАП ТҮРАДЫ. ӨЗІЛДІҢ АТЫ-ӨЗІЛ. БІРАҚ СТУДЕНТТІК ӨМІР ҚЫЗЫҚ БОЛСА ДА БІЗ МҰНДА ҚЫЗЫҚ ҚҰЫП КЕЛМЕГЕНІМІЗДІ, БІЛІМ АЛЫП, ЖАҚСЫ МАМАН БОЛЫП ШЫҒУ ҮШІН КЕЛГЕНІМІЗДІ ҰМЫТПАЙЫҚ. АТА-БАБА, АЛДЫҒЫ ТОЛҚЫН АҒАЛАРДЫҢ, «КЕЛЕШЕК ЖАСТАРДЫҢ ҚОЛЫНДА» ДЕП ОТЫРҒАН ЕЛБАСЫНЫҢ АМАНАТЫНА АДАЛ БОЛАЙЫҚ, ҮМІТТЕРІН АҚТАЙЫҚ ДЕГІМ КЕЛЕДІ. ҚАЙТЫП ОРАЛМАЙТЫН УАҚЫТТЫ БОС ӨТКІЗБЕЙІК. «АЛТЫННЫҢ ҚОЛДА БАР ДА ҚАДІРІ ЖОҚ, КЕТКЕН СОҢ ҚОЛДАН ШЫҒЫП ӨКІНДІМ-АЙ!» ДЕП САН СОҒЫП ЖҮРМЕЙІК. САБАҚТАН ҚАЛМАЙ, АУДИТОРИЯДА СЫБЫРЛАСАПАЙ, ҰСТАЗДАРДЫҢ БЕРГЕН БІЛІМДЕРІН ТЫНДАП ҰЙЫП, ҚҰЛАҒЫМЫЗҒА ҚҰЙЫП, МИЫМЫЗҒА ТОҚЫП ЖҮРЕЙІК. ДҰРЫС АЙТТЫМ БА, ҚОЛДАЙСЫҢДАР ҒОЙ, ИӘ?

Жырымова Назерке Амангелдіқызы
«Ю – 11» тобы

ҒАРЫШКЕР АҰДЫН АҰЫМБЕТОВПЕН БОЛҒАН КЕЗДЕСУ



«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ХАЛЫҚ ҚАҺАРМАНЫ», КОСМОНАВТ, ҚАЗАҚСТАН ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІ ПОЛКОВНИГ ҚАЗАҚ ЖЕРІНДЕ ҒАРЫШҚА ҰШҚАН ҚАНДАСЫМЫЗ КОСМОНАВТ АЙДЫН АЙЫМБЕТОВ 6 ҚАРАША КҮНІ ҚАЛАМЫЗДАҒЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ СТУДЕНТТЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ. ШӨКӘРІМ АТЫНДАҒЫ СМУ-ДА ӨТКЕН ҚАҺАРМАН КОСМОНАВТТЫҢ ЖАСТАРМЕН ЖҮЗДЕСУІ ЖИЫНҒА БАРУ БАҚЫТЫНА МЕН ДЕ ИЕ БОЛДЫМ. ОҒАН ҚАЛА ӘКІМІ Е. СӘЛІМОВ, ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ӨКІЛДЕРІ, ОҚУ ОРЫН БАСШЫЛАРЫ, КӨПТЕГЕН СУДЕНТТЕР ҚАТЫСЫП, КӨККЕ ҰШЫП ҚАЙТҚАН САЙЫП-ҚЫРАН АҒАМЫЗБЕН АШЫҚ-ЖАРҚЫН ӘСЕРЛІ ӘНГІМЕ ӨТКІЗІЛДІ. ӨРИНЕ, ҰЙЫП, ҚЫЗЫҒЫП АУЗЫМЫЗДЫ АШЫП ТЫНДАДЫҚ.

Жиналған қауым өкілдері Қазақстаннан үшінші болып космосқа ұшқан Айдын Айымбетов ағамызды космосқа ұшып барып, туған жердің төсіне аман-есен табысты оралуымен шын ықыласпен құттықтады.

Студенттер үлкен қызығушылықпен батыр ағаға тылсымы көп тұңғыш көктегі, яғни ғарыш төсіндегі ғылыми-зерттеу мақсатында жүргізілген тәжірибелік-сынақ жұмыстары барысында бірқатар сұрақтар қойды. Қоршаған ортаның тауқыметтері—экология жағдайын қадағалау, әсіресе Арал, Каспий теңіздерінің ахуалдары, шанды дауылдардың ұйтқып жылжуы, мұнаймен ластау, сонымен қатар биотехнология және биомедицина саласында жүргізілген зерттеулер барысына үлкен қызығушылық танытты. Ғарыш батыры қойылған сұрақтарға толымды жауап беріп, қазақстандық және ресейлік оқымысты — ғалымдар әзірлеген ғарыш бағдарламасының тапсырмаларын толық орындағанын айтып берді.

Іжелтоқсан— «Тұңғыш президент күні» қарсаңында «Халық қаһарманы, «көк батырының» (екіншісі ұшпайтындықтан оларды нағыз батыр десек жарасады, бұған кім таласады?!) Н.Назарбаевқа зор алғысын білдіргенін айта кетейін. Елбасының көреген білікті шешімімен және үлкен қолдауымен кезекті қазақстандық ғарыш сапары сәтті аяқталды.

Аспанға соңғы ұшу мен осы жолғы Айдын ағамыздың сапарының арасында 14 жыл уақыт өтті. Сөзінің соңында ел болашағы студент-жастармен ғарыштағы әсерлерімен бөліскен ол осындай емен-жарқын қызықты кездесуді ұйымдастырған қауымға шынайы ризашылығын білдірді.

Және жастарға, біздерге армандарға қол созып, жақсы оқып, терең білім алып, табандылықпен талапты болып, бойымыздағы барлық күш-жігерімізді еліміздің гүлденуі жолында аянбай жұмсауға жігерлендірді.

Мереке құтты болсын, достар! Ер ағаларымыздың үлгісі өнеге болсын!

Балтабаев Айсұлтан, «ИС -11» тобы



СТУДЕНТТЕРІМІЗДІ ТАРБАҒАТАЙ ӘКІМІ МАРАПАТТАДЫ



ШҚО ТАРБАҒАТАЙ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ ОРАЗБАЕВ ДІЛДӨБЕК ТӘЖІБАЙҰЛЫ ШӘКӘРІМ АТЫНДАҒЫ СМУ-ДА ҚАРАШАНЫҢ 19-ШЫ ЖҮЛДЫЗЫНДА ҚАЛАНЫҢ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ БАСШЫЛАРЫ МЕН, АРДАГЕРЛЕР МЕН,

СТУДЕНТ-ЖАСТАРМЕН КЕЗДЕСУ ӨТКІЗДІ. КЕЗДЕСУЕ АҚСУАТ ӨНІРІНЕН ТҮЛЕП ҰШҚАН, БҮГІН ДЕ СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНДА ТҮРАТЫН КӨПШІЛККЕ ТАНЫМАЛ АҒА БУЫН ӨКІЛДЕРІ ШАҚЫРЫЛДЫ. ЖИЫНҒА ОСЫ ӨНІРДІҢ ТУМАСЫ, АРАЙЛЫ АҚСУАТТЫҢ АБЫРОЙЛЫ ТУЛҒАСЫ, РЕСПУБЛИКАҒА БЕЛГІЛІ ҒАЛЫМ, ҚИУ ПРЕЗИДЕНТІ, ПРОФЕССОР НӘДІРБЕК ӘПСӘЛӘМУЛЫ ДА УНИВЕРСИТЕТІМІЗДІҢ БІР ТОП ОҚУДА ОЗАТ БЕЛСЕНДІ СТУДЕНТТЕРІМЕН ҚАТЫСЫП ҚАЙТТЫ.

ЖИЫНДА АУДАН ӘКІМІ Д. ОРАЗБАЕВ ТАРБАҒАТАЙ АУДАНЫНЫҢ ОРТАЛЫҒЫ— АҚСУАТ ӨНІРІНІ ҚАЗІРГІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ-ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУЫ, ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ АХУАЛЫ ТУРАЛЫ, ҚОЛ ЖЕТКІЗІП ОТЫРҒАН ЖЕТІСТІКТЕРІ, АЛДАҒЫ ЖОСПАРЛАРЫ ТУРАЛЫ ТАРТЫМДЫ МӘЛІМЕТТЕР КЕЛТІРДІ. НЕГІЗГІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАҒЫТЫ МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНДІРСІ БОЛЫП САНАЛАТЫН АҚСУАТ ӨНІРІНДЕ САЛА БОЙЫНША ӨТКЕН ЖЫЛЫ 22 МЛРД. ТЕҢГЕНІҢ ӨНІМІ ӨНДІРІЛІПТІ. МАЛ ӨСІРУДЕН, ОНЫҢ БАҒАЛЫ ӨНІМДЕРІН ӨНДІРІП, ПАЙДА ТАБУДАН РЕСПУБЛИКА БОЙЫНША 1 ОРЫНДА АУДАНЫҢ ТҮРҒАН ҒАЖАЙЫП ЖЕТІСТІККЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗГЕНІН ЕСТІГЕНДЕ СОЛ ӨНІРДЕН ТҮЛЕП ҰШҚАН ҚАЗЫНАЛЫ ҚАРТТАР БІР ЖАСАП, ҚУАНЫП ҚАЛҒАНЫ ШЫН! ӨНІРДЕ ЕГІН ШАРУАШЫЛЫҒЫ, ОВОЦ-КӨКӨНІС ӨСІРУ ДЕ МЫҚТАП ҚОЛҒА АЛЫНҒАН. ӘЛЕУМЕТТІК САЛАДА ДА ҚОЛ ЖЕТКІЗГЕН ЖЕТІСТІКТЕР КӨҢІЛ ҚУАНТАДЫ. БАЛАБАҚШАЛАР ІСКЕ ҚОСЫЛЫП, МӘДЕНИЕТ ҮЙІ ЖӨНДЕУДЕН ӨТКЕН, АЛ СПОРТТАН АУДАН ОБЛЫСТЫҚ СПАРТАКИЯЛАРДА БИЛІ ҚАТАРЫНАН 5-ШІ РЕТ ЖЕҢІМПАЗ БОЛЫП, ЧЕМПИОН АТАНҒАН.

АУЫЛДАР, ӘСІРЕСЕ АУДАН ОРТАЛЫҚТАРЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ-ӘЛЕУМЕТТІК БЕТ-БЕЙНЕСІ, МӘДЕНИЕТІ ӨРКЕНДЕП-ӨЗГЕРІП, ТҮРМЫСҚА ҚОЛАЙЛЫ



ҮЙЛЕР, ЖАҢА ТИПТІ ҚҰРЫЛЫСТАР БОЙ КӨТЕРІП ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ АЖАРЫ ЖЫЛДАН-ЖЫЛҒА ЖЕТІЛІП ӨРКЕНДЕП КЕЛЕДІ. ОЛАРДЫ ШАҒЫН ҚАЛА ДЕСЕ БОЛАДЫ.

ӨЗ КЕЗЕГІНДЕ ӘКІМ АҒА ҰРПАҚТЫҢ ӨНЕГЕЛІ ІСТЕРІН ҮЛГІ ЕТЕ ОТЫРЫП, СОЛ ДӘСТҮРДІ ЖАЛҒАСТЫРАТЫН ЖАСТАРДЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУДЫ, АЗЫҚ-ТҮЛІК КЕНІШ— АУЫЛДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ САЛАСЫН КӨТЕРУДІ ҚАМТИТЫН «ДИПЛОММЕН АУЫЛҒА» БАЕДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ӨНІРДЕ ЕҢБЕК ЖОЛЫН БАСТАУҒА ШАҚЫРДЫ.

СӨЗІНІҢ СОҢЫНДА АУДАН ӘКІМІ Д. ОРАЗБАЕВ ЖАҚСЫ ОҚЫП, КӨШБАСШЫЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН КӨРСЕТІП, ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ ЖАСТАР САЯСАТЫН ДАМУҒА ЖАҚСЫ ҮЛЕС ҚОСЫП ЖҮРГЕН БЕЛСЕНДІ ТАРБАҒАТАЙЛЫҚ СТУДЕНТТЕРДІ «МАДАҚТАУ» ҚАҒАЗДАРЫМЕН МАРАПАТТАДЫ. ОЛАРДЫҢ АРАСЫНДА «АБАЙ – ДАНА АҚЫН», «ТӘУЕЛСІЗДІК – ТҰҒЫРЫМ МЕНІН» ЖАС АҚЫНДАРДЫҢ ЖӘНЕ КӨРКЕМСӨЗ ОҚУ ШЕБЕРЛЕРІНІҢ ОБЛЫСТЫҚ САЙЫСТАРЫНЫҢ, «БОЛАШАҚ» ТРЕНИНГ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ, СТУДЕНТТЕРДІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯЛАРЫНЫҢ, «АЗАМАТТЫҚ ҰСТАНЫМДЫ АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫН ҰСЫНУ» ОБЛЫСТЫҚ САЙЫСЫНЫҢ 2-ШІ ДӘРЕЖЕЛІ, «ТІЛ – ҰЛТТЫҢ ЖАНЫ» ОБЛЫСТЫҚ САЙЫСЫНЫҢ 3 ДӘРЕЖЕЛІ ДИПЛОМАНТТАРЫ, «ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНА 550 ЖЫЛ» КОНФЕРЕНЦИЯЛАРЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ, «ИЯ-22» ТОВЫНЫҢ СТУДЕНТТЕРІ — ӘБДЕШЕВА ӘЙГЕРІМ МЕН ЕСБОЛАТОВА БАЛНҰРЛАРДЫҢ БОЛУЫ— БІЗДІҢ УНИВЕРСИТЕТІМІЗДІҢ АБЫРОЙЫН КӨТЕРДІ.

ФАКУЛЬТЕТ ҰЖЫМЫ АЛҚАЛЫ ТОПТЫҢ АЛДЫНДА МАРАПАТТАЛҒАН ОСЫ ҚОС СТУДЕНТТІ НАГРАДАЛАРЫМЕН ҚҰТТЫҚТАП, ОҚУ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ САЙЫСТАРДА ӨНЕРІМЕН ӨРТЕ ОЗЫП, ТАБЫСҚА ЖЕТЕ БЕРУЛЕРІНЕ ТІЛЕКТЕСТІК БІЛДІРІП,

1 ЖЕЛТОҚСАН— ҚР ТҰҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ КҮНІ ЖӘНЕ АЛДАҒЫ ТӘУЕЛСІЗДІК МЕЙРАМЫМЕН ҚҰТТЫҚТАЙДЫ.

БЕСПАЕВА Г.К.

**«ҚҰҚЫҚ, БІЛІМ ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР»
ФАКУЛЬТЕТІНІҢ ДЕКАНЫ**

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ БІЛУ— ӨМІР ТАЛАБЫ

2015ж 16.11-20.11. АРАЛЫҒЫНДА «АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕЛЕР ЖӘНЕ ЕСЕПТЕУ ТЕХНИКАСЫ» КАФЕДРАСЫНЫҢ АПТАЛЫҒЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ҚАРАШАНЫҢ 18-КҮНІ УНИВЕРСИТЕТІМІЗДІҢ І-КУРС ҚАЗАҚ ТОП СТУДЕНТТЕРІНЕ «МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ БІЛУ— ӨМІР ТАЛАБЫ» АТТЫ ТӘРБИЕ САБАҒЫ ӨТКІЗІЛДІ. БҮЛ ІС-ШАРАҒА КАФЕДРА ОҚЫТУШЫЛАРЫ СМАҒҰЛОВ К.Б., ДҮЙСЕНБАЕВА А.С., НҮРКЕНОВА Ж.Б ЖӘНЕ «ҚАРЖЫ» КАФЕДРАСЫНЫҢ МЕҢГЕРУШІСІ АЙЫМҚҰЛОВ Р.А ҚАТЫСТЫ.

ТӘРБИЕ САҒАТЫНЫҢ МАҚСАТЫ: ТІЛДІҢ ҚҰДІРЕТІН, ҰЛТЫМЫЗДЫҢ МАҚТАНЫШЫ, АЙБАРЛЫ ЕКЕНДІГІН ТҮСІНУ. ТІЛДІ ҰЛТТЫҚ МҰРА РЕТІНДЕ ҚАДІРЛЕУГЕ ҮЙРЕТУ, ТУҒАН ТІЛІН ҚАСТЕРЛЕУГЕ ТӘРБИЕЛЕУ.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – АСА МАҢЫЗДЫ ДА ЕҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ, ТІЛ — ХАЛЫҚТЫҢ, ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ЖАН ДҮНИЕСІ, РУХАНИ НЕГІЗІ, ЕЛ ЕРКІНДІГІ МЕН ҰЛТЫҒЫМЫЗДЫ ТАНЫТАТЫН БАСТЫ РӘМІЗ. ОЛ – ҰЛТ БОЛМЫСЫН ҰҒЫНДЫРЫП, ТӨҢРЕГІНЕ ҚОЛДАНУ АЯСЫНЫҢ АУҚЫМДЫ ҚҰДІРЕТІМЕН ӨЗГЕ ЖҮРГІТІ ТИПТАСТЫРУШЫ, БІРКІТІРУШІ ФАКТОР. СОНДЫҚТАН МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ БІЛУ, САУАТТЫ СӨЙЛЕЙ-ЖАЗА БІЛУ – ӨМІР ТАЛАБЫ, ЗАМАН СҰРАНЫСЫ, ҚОҒАМ ҚАЖЕТТІЛІГІ. ОЛАЙ БОЛСА, ТІЛДІ ӨМІРДІҢ БАРЛЫҚ САЛАСЫНДА ҚОЛДАНЫП, АЯСЫН КЕҢЕЙТУ ЖОЛЫНДА ӘРБІР ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ӨЗ АЗАМАТТЫҚ МІНДЕТІН АТҚАРУҒА ТИІС.

ОЛ ҮШІН ТІЛ БІЛУДІ МАҚСАТ ТҮТІП, АЛДЫНА БӨЛІП, АЯНБАЙ ЕҢБЕКТЕНСЕ, МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖЕДЕЛ ДАМУЫП ОТЫРҒАН ЗАМАНҒА ЛАЙЫҚ БИКТЕН КӨРІНУІ, МЕМЛЕКЕТ БАС-ҰЛТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ДЕНГЕЙІНЕ БАЙЛАКЕҢ, КЕМЕЛ ОЙЛЫ АЗАМАТТАРЫН ӨСІРУ ҮШІН БҮ-ОЗЫҚ ОЙ-ПІКІРМЕН ҰШТАСТЫРҒАН САПАЛЫ БІЛІМ САЛАСЫНДА ЖҮРІП ЖАТҚАН РЕФОРМАНЫҢ ЕҢ

БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ ТҰҒЫРЫ — ТІЛ БОЛҒАН НАЗАРДА ТҮРАДЫ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ-ТУРАЛЫ” ЗАҢДАРҒА, СОНЫМЕН ҚАТАР БИЫЛҒЫ ЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ МАҚҰЛДАҒАН “ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ 2015 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУҒА ТҰҒЫРЫМДАМАСЫНА” СӨЙКЕС ЕЛІМІЗДІҢ ЖАС ҰРПАҒЫНА МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – ҚАЗАҚ ТІЛІН ЖЕТЕ МЕНГЕРТУ, ОРЫС ТІЛІН ЖӘНЕ ШЕТЕЛ ТІЛДЕРІН ДЕ БІЛУ МІНДЕТІ ҚОЙЫЛЫП ОТЫР.

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІК АЛҒАНЫНА ДА 21 ЖЫЛ УАҚЫТ ӨТТІ. ОСЫ 21 ЖЫЛ ІШІНДЕ АНА ТІЛІМІЗГЕ ДЕГЕН ҚҰРМЕТ АРТА ТҮСУДЕ, ДЕГЕНМЕН, ӘЛІ ДЕ БОЛСА АТҚАРЫЛАР ЖҰМЫСТАР АЛДА. ЕЛБАСЫМЫЗДЫҢ «ТІЛДЕН АРТЫҚ ҚАЗЫНА ЖОҚ», «ТІЛДЕН АРТЫҚ ҚАСИЕТ ЖОҚ» ДЕГЕН СӨЗДЕРІНДЕ ҮЛКЕН МАҒЫНА ЖАТЫР. ӨЗІМІЗ АНА ТІЛІНДЕ ЕРКІН СӨЙЛЕМЕЙІНШЕ, ӨЗГЕ ЕШКІМ ДЕ БҮЛ ТІЛДІ ШЫНДАП ҚҰРМЕТТЕЙ ҚОЙМАЙТЫНЫН ТҮСІНУГЕ ТИІСПІЗ, ҚАЗАҚТЫҢ ҚАЗАҚТЫҒЫНЫҢ БАСТЫ БЕЛГІСІ – «ҚАЗАҚША СӨЙЛЕУ», “ӨЗ ТІЛІМІЗБЕН ӨМІР СҮРЕЙІК!”, “ҚАЗАҚ ҚАЗАҚПЕН ҚАЗАҚША СӨЙЛЕССІН!”, ЯҒНИ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ АЙҚЫН КЕЛЕШЕГІ МЕН АЛАР ОРНЫ “ҚАЗАҚСТАННЫҢ БОЛАШАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ЖАТЫР. ҚАЗАҚ ТІЛІ ӘЛІ БІРТЕ-БІРТЕ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕ, ЭКОНОМИКА МЕН ӨМІРДІҢ БАРЛЫҚ



ТАЛАП ҚОЯ ҚАЖЫМАЙ ІЗДЕНІП, АЙРЫҚША КӨҢІЛ МЕНГЕРЕРІ АНЫҚ.

АДАМЗАТ ҚОҒАМЫНЫҢ КӨШІНЕН ҚАЛМАЙ, ҚАЗІРГІ ШЫСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫНДА АТАП КӨРСЕТІЛГЕНІНДЕЙ, НЫСТЫ. ЕЛДІҢ ЕРТЕҢГІ ӨРІСІ БЫҚ, ДҮНИЕТАНЫМЫ ГІНГІ ҰРПАҚҚА ҰЛТТЫҚ РУХАНИ ҚАЗЫНАНЫ ӘЛЕМДІК МЕН ТӘРБИЕ БЕРІЛУІ ҚАЖЕТ. ЕЛІМІЗДІҢ БІЛІМ БЕРУ БАСТЫ МАҚСАТЫ ОСЫ.

ДЫҚТАН, ТІЛДЕРДІ ОҚЫТУ ЖАЙЫ ҚАШАН ДА БАСТЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫНА, “БІЛІМ ТУРАЛЫ”, “ТІЛ ЖЫЛЫ БҮКІЛХАЛЫҚТЫҚ ТАЛҚЫЛАУҒА ТҮСІП, ҚА-

саласында басымдық танытатын болады.

Мемлекеттік тілді ғылым мен техниканың түрлі саласына батыл енгізіп, сапасын арттыру — уақыт талабы. Ал уақыт талабын орындау, «Тіл туралы» Заңға, қағидаларға мойын ұсыну, осы тілде ойларымызды, салқалы шебер жеткізе білу, оны жандандыру — баршамыздың абыройлы парызымыз.

САБАҚТЫ ЖҮРГІЗГЕН КАФЕДРА ОҚЫТУШЫСЫ РАМАЗАНОВА С. Р.

МАМАНДЫҚКА АЛҒАШҚЫ ҚАДАМ

«Педагогика, психология және дизайн» кафедрасының аға оқытушысы Е.А. Күребаевтың жетекшілігімен «ПС-21» тобы «Жарнамалау психологиясы» атты ашық тәжірибелік сабақ өткізді. «Ашық сабаққа» «ПП-11», «ПС-11», «КФ-11» тобының студенттері шақырылды. Сабақ барысында студенттерге «Жарнамалау психологиясы» туралы терең түсінік беріліп, өзін-өзі жарнамалау шеберлігін арттыру үшін



ДАМЫЗ.

Рухани байлық және жастар тәрбиесі

Жас ұрпаққа рухани тәрбие беру — бұл жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселелерінің бірі. Рухани тәрбие ол адамзат баласының бойында сіңірілуге тиісті ұғым. Шежіресі шерлі, тарихы терең халқымыздың әрқашан да құшағы кең әрі ашық ел болғанын барша жұрт мойындайды. Біз оны тек жеріміздің кеңдігімен ғана емес, пейіліміздің кеңдігімен, ынтымақты бірлігімізбен де дәлелдеп отырмыз.

Қазіргі таңда, тәуелсіз елімізде 130-дан астам ұлт өкілдері тату ғұмыр кешуде. Олардың тіліне, мәдениетіне, дініне қарамастан, бір тудың астында татулық, бірлікте өмір сүріп жатырмыз.

Зайырлы мемлекет бола тұра, өз дінін ұстанып, өзге дінді құрметтеуге еліміздің әр азаматы мүдделі десек артық айтпаймыз. Бірлігі мен татулығы, тұрақтылығы сақталып келе жатқан елдің ғана болашағы баянды деген саясатты ұстанған өз халқымыз үшін қазан айының он сегізін «Рухани келісім күні» мерекесі болып белгіленген. Бұл күн елімізде 1992 жылғы 18 қазаннан бері жыл сайын атап өтіліп келеді және Қазақстандағы әлеуметтік маңызды күндердің бірі болып есептеледі. Толеранттылықты жөн көретін кең пейілді қазақ елі осы бір күнді ұйымшылдықпен атап өте отырып, рухани келісімді одан әрі нығайта түсуде. Рухани келісімнің, жерімізді мекендеп жатқан халықтардың өзара тату-тәтті өмір сүру мүмкіндігінің арта түсуіне тәуелсіздік алғаннан бергі дәуірде Елбасымыз Н.Назарбаевтың жүргізіп отырған бірегей саясаты игі ықпал етуде. Ол Қазақстан халқын ынтымаққа шақыра отырып, «Бірлік түбі-береке» екенін үзбей айтып келеді.

Ұрпағымыз осы рухани келісім әрқашан бірлік екеніне сенсе лазым. «Бірлік бар жерде, тірлік те бар» деп бекер айтылмаған. Біз рухани келісім — бірлік екендігін жақсы білеміз.

Өз туған жерімізде рухани мәдениеттің не екенін түсіне бермейтін жандар бар. Негізгі мәдениет — имандылық, адамгершіліктен бастау алады. Рухани келісім — бірлік арқылы шешілетініне көз жеткізе алады.

Мәдениеттілік, имандылық, адамгершілік, ибалылық, адалдық барлығы осы рухани келісімге жатады. Рухани бірлікке өз сенімімізді білдірейік.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ МАМАНДЫҒЫНЫҢ ІҮ КУРС СТУДЕНТІ ЖАҚСЫЛЫҚОВА АЙДАНА



ТРЕНИНГТЕР МЕН ОЙЫНДАР ӨТКІЗІЛДІ. Соңдай-ақ әлеуметтік ортада өзін-өзі еркін ұстау, жеке тұлғалық ерекшеліктерін қалыптастыру үшін және психология мамандығына қызығушылықты арттыру мақсатында топтық сахналық және жеке тұлғалық тапсырмалар беріліп, ойындар ойнатылды.

САБАҚТЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАУ БАРЫСЫНДА ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЫНТАСЫ МЕН БЕЛСЕНДІЛІГІ ЖӘНЕ КӨШБАСШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ТАНЫТҚАНЫ ҮШІН БЕЛСЕНДІ СТУДЕНТТЕР МАДАҚТАУ ҚАҒАЗДАРЫМЕН МАРАПАТТАЛДЫ. САБАҚ СОҢЫНДА 1-КУРС СТУДЕНТТЕРІ САБАҚТАН АЛҒАН ӘСЕРЛЕРІМЕН БӨЛІСІП, ОСЫНДАЙ ІС-ШАРАЛАР ТАҒЫ ДА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛСА ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ БІЛДІРДІ. Ал біз өз кезегімізде шектелмей, әлі де осындай сабақтар мен тренингтер ұйымдастырамыз деген ой-

АРМАНҚЫЗЫ ӘМИНА, «ПС - 21» ТОБЫ

Международный Круглый стол «Преступления против личности и против собственности в уголовном законодательстве России и Казахстана»

Международный Круглый стол «Преступления против личности и против собственности в уголовном законодательстве России и Казахстана».

29 октября 2015 года в Казахском инновационном университете совместно с Алтайской академией экономики права прошел международный круглый стол на тему: «Преступления против личности и против собственности в уголовном законодательстве России и Казахстана».

С приветственным словом выступила д.ю.н., проф. Алтайской академии экономики и права Плаксина Т.А. Модератор мероприятия д.п.н, зав кафедрой «Юриспруденция» КИУ Бухаева А.А. На круглом столе приняли участие: Матаева М.Х, д.ю.н., проф. Представители Учебного центра МВД РК (г.Семей) Имашев К.М, Маратов Е.М. Ученые и преподаватели вузов КазГЮИУ Утебаев Е.К., Каржанов М.Д., Рсымбетова Д.Р. СГУ имени Шакарима Толысбаева А.Д. Рахимова А.М. Представители правоохранительных органов Жарылгасин А. помощник прокурора г. Семей; Дюсембаев Т. Е. начальник отдела дознания УВД г. Семей ; Абеннова Ж. судья № 2 г. Семей

Важными обсуждаемыми вопросами были: Правонарушения против семьи и несовершеннолетних в уголовном законодательстве Казахстана и России. Особенности охраны избирательных прав граждан уголовным законодательством России и стран постсоветской Азии: сравнительно-правовой аспект. Административное законодательство (КРКоАП) в правоприменительной деятельности органов внутренних дел РК и др.

По итогам круглого стола все участники получили сертификаты.



Пресс - служба КИУ

«КЕКУШИНКАЙ КАРАТЭ» — ЖАСҰЛАН БАҒЫНДЫРҒАН ШЫҢ

Менің тобымда алғашында әуесқойлықпен ынта қойып, спорттың осы түрімен бастауыш сыныптан айналысып келе жатқан яғни «Кекушинкай-Каратэмен» айналысатын талапкер бала оқиды. Оның есімі– Баймұхамедов Жасұлан. Оның бұл спортпен айналысқанына 8–9 жылдай болып қалды. Осы уақыт аралығында ол көптеген жетістіктерге қол жеткізді.

Жасұлан — «1 кю», қала чемпионы, облыс чемпионы, республикалық жарыстардың чемпионы, халықаралық жарыстарда спорттың осы түрінен алдына жан салмайтын дүл-дүл жүйрік жүлдегерлердің бірі. 2014 жылдан бастап ол жаттықтырушылық қызметпен айналысуда. Қазіргі кезде оның қарамағында 40-қа жуық жас спортшылар тәрбиеленуде. Олар да жеңімпаздар. Ол балалардың бағындырып жатқан белестері мен шырдары өте көп: Халықаралық «EURASIA CUP» турнирінің жеңімпазы Есімханова Дильназ, облыстық «Шығыс кубог» турнирінің 1 орын иегерлері Айтубаров Сұлтан және Айтубарова Аида және де 2- орын иегері Ереминко Ангелина. Әрине, айта берсек көп. «Жүзден жүйрік озғандарды» ғана атап отырмын. Жасұланның шағын жаттықтыру залында бірнеше шөкірті бар. Мен Жасұланға бұдан былай да «Осымен болдым деп» деп мақтанып кетпей, Семейдің және бұдан былай да өзі оқып жүрген оқу орны ҚИУ-дың атын шығаратын «Кекушинкай-Каратэмен» айналысатын достары, ізбасарларымен де жетістіктерге жете беруіне тілектеспін!

Есенова Нұрай, «Ю-21» тобы

КАРАТЭШИ-БАПКЕР БАЙМҰХАМЕДОВ ЖАСҰЛАННЫҢ ЛЕБІЗІ:



— Мен қаладағы №16 мекепті бітірдім. Балалық әуестікпен бастауыш сыныптан бастап спорттың осы заманауи түріне құмартым. Әкем де селтендеп бос жүрмесін деген болуы керек, бұл тілегімді қабыл алып, осы саладан тәжірибелі тренер Гузев Андрей Александровичке жетектеп алып барды. Аптасына 3 реттен күніне 2 сағаттан каратэмен қаратер болып жаттығамыз. Ал бақ сынайтын жарыстар алдында күніне 2 мәрте жаттығу залына барып, каратэнің қыр-сырларын меңгеріп, үйренгендерімізді тағы да қайталап шындайтын едік. Кейіннен мүлдем бауыр басып кеттік. Көптеген деңгейдегі жарыстарға қатысып, жеңімпаз атандым. Жоқшы жер көңілді Қаншама достар таптым. Өз-өзіме деген сенімді бекіттім. Бір кездегі өзім секілді өрімдегі балаларды тәрбиелейтін өзім де қазір жаттықтырушымын. Олар — қалалық, облыстық халықаралық жарыстарға қатысып, жүлделі орын алып жүрген үлкен спортшы-уміткер балғындар. Өзім тұратын қала сыртындағы «Птичник» деген аймақтағы спорт залында жаттықтырамын. Қазір ҚИУ-дың «Құқықтану» мамандығы бойынша 4 курста оқып жүрмін. Сабағым жаман емес. Спорт пен өнер, өмір, мәдениет бәрін толықтыратын, салауатты өмір салтын қалыптастыратын бір-бірінен ажырамайтын егіз ұғымдар деп білемін. Шөкірттерімді маған тұтамын.

Шөкірттерімді маған тұтамын.

ҚҰТТЫҚТАҰМЫЗ!



Қазақстан инновациялық университетінің «Экономика, Есеп және туризм» кафедрасының ұжымы Сіздерді «Философия докторы» (PhD) ғылыми атағына ие болуларыңызбен шын жүректен құттықтайды.

Мақсаттарыңыз орындалып, төккен терлеріңіз бен еткен еңбектеріңіздің жемісін көру қуаныштарыңыз құтты болсын!

Алдағы уақытта да ұстаздық қызметтеріңізге шығармашылық табыс тілейміз. Ғылымның биік асуларын енсеріп, егеменді еліміздің дамуына, ғылымына лайықты үлес қосатын білікті де білгір мамандар тәрбиелеуде үлкен табыстарға жете беріңіздер!

Сіздерге және отбасыларыңызға бақытты ғұмыр, мықты денсаулық, ырыс-дәулет, құт-береке тілейміз!

«Экономика, Есеп және туризм» кафедрасының ұжымы

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЙ ТРЕНИНГ СО СТУДЕНТАМИ СФЕК-А ИМ. Р. БАЙСЕЙТОВА

29 октября студентки 3 курса, Казахстанского инновационного уни-верситета, кафедры «Педагогика, психологии и дизайн» специальности «Психология», а именно: Глазинская Юлия, Кадымбаева Арайлым, Калиева Лейла, Кушакова Богдана, Мендыбаева Дина, Сабитканова Балжан, Сама-рова Рауана посетили колледж с целью проведения психологических тре-нингов направленных на: сплочение, определение ценностей жизни, раз-решение конфликтов, а также саморазвитие и самопознание. Основной це-лью всех проведенных тренингов являлось снятие эмоционального напря-жения и создание благоприятной обстановки в коллективе. Студентки ра-ботали с группами: 1-4 курса специальности «Вычислительная техника», 2-3 курса «Финансовые организации», 3 курса специальности «Учет».

Студенты колледжа проявляли активность, инициативность, вы-полняли с большим желанием все условия тренингов, несмотря на



поставленными задачами.

И также, хочется отметить, что наши студентки получили мно-го по-ложительных отзывов как от психолога колледжа Аскаровой А.Е., так и от самих учащихся. В завершении студенткам выразили благодарность, а также пригласили на повторное проведение тренин-гов.

СЕМБАЕВА АРАЙ, «ПС-21»

Олимпиада по «Истории Казахстана»

В Казахском инновационном университете 18 ноября 2015 года состоялась олимпиада по Истории Казахстана для учащихся 11-х классов школ города.

Целями Олимпиады был мониторинг знаний школьников по Истории Казахстана, воспитание патриотизма, повышение интереса к истории своей Родины, отбор абитуриентов с высокими показателями для поступления в университет, профориентационная пропаганда и развитие у учащихся социальной активности.

Олимпиада состояла из трех туров. Первый тур был проведен в форме компьютерного тестирования. Участники ответили на 30 вопросов по истории Казахстана. По его результатам было отобрано 12 сильнейших, которые прошли в следующий этап конкурса.

Второй тур состоял из вопросов по истории, экономике, политической истории Казахстана. По итогам второго тура было отобрано пять участников, продолживших участие в конкурсе и прошедших в третий тур, в ходе которого участникам были предложены задания по историческим личностям.

Победителем Олимпиады стал ученик 11 класса средней школы № 34 Қасенов Әділет. Второе место заняла представительница школы № 8 Қанатова Адия. Третье место получила Турагуловой Фаризе (СОШ № 34).

Победителям и наиболее активным участникам олимпиады были вручены грамоты и благодарственные письма. Благодарственные письма получили также учителя истории, чьи ученики показали отличные знания и хорошую подготовку по истории Казахстана.

Заведующая кафедрой «История Казахстана и филология»,
кандидат исторических наук Абеннова Г.А.



КҮЙЗЕЛІСТІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АЛДЫН АЛУ



Қараша айының 17-ші жұлдызында педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы Б.И. Байғұдинова жетекшілігімен «ПС-21» тобы «СТРЕСС, СТРЕССТІҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ МЕН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ПРОФИЛАКТИКАЛАРЫ» атты ашық сабақ өткізді. Ашық сабаққа «Педагогика, психология және дизайн» кафедрасының аға оқытушысы Күребаев Е.А., Каттебаева Қ.Б және «ПП-31» тобы мен «ПС-32» тобының студенттері қатысты.

Сабақ ауқымында алғашқы сөз кезегін Б.И. Байғұдинова бастап, стресс туралы қысқаша түсінік беріп өтті. ПС-21 тобының студенті Сембаева Арайлым «СТРЕСС, яғни күзеліс және стресстің алдын алу шаралары мен психо-профилактикалары» атты тақырыпта презентация қорғап, адамның күйзеліс/стресс/ жай-күйі туралы жан-жақты түсінік берді. Сабақ барысында теорияны практикамен

үштастыру мақсатында Саят Самал мен Арманқызы Әмина әдістемелер өткізді. Әдістемелер екі тілде өтіп, бейне-терапиямен үштастырылды. Сабаққа қатысқан «ПП-31» тобы мен «ПС-32» тобының студенттері белсенділік танытып, берілген тапсырмалар мен сұрақтарға нақты жауап беріп отырды. Сонымен қатар сабаққа қатысушылармен бірге «Жеміс-жидектер психологиясы» атты тест өткізіліп, таңдап алған жемістеріне байланысты қызықты деректер оқылды.

Сабақты қорытындылай келе, қатысушылардан қайтарымды байланыс жасалып, олар өткізілген сабаққа байланысты өз ойларымен бөлісті.

Саят Самал, «ПС-21» тобы студенті

ҚҰРМЕТТІ ӨМІРБЕК НҰРҚАСЕНҰЛЫ! МЕРЕҮТОҰЫҢ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!



60 деген – өмірдің бір белесі. Адам өміріндегі осы салаутты салықалы шаққа отбасында, туған-туыс, жора-жолдас, ұжымның арасында салмақты біртөге сырғаз мінез, көп көңілнен шыққан азаматтың бірі ретінде келіп отырсың.

Талай жақсылар мен жайсандар дүниеге келген байтақ даламыздың арайлы Ақсуаттай қасиетті бір пушпағының түлегісің. Аяулы Шәрбан апайымыздың сүйікті ұлы – асылдың сынығысың.

Еңбек жолыңды жалпы шаруашылықтың сан саласынан бастап, өзіңнің еңбекшілік, «бетегеден биік, жусаннан аласа» кішіпейіл мінезіңмен, тапсырылған істі тиянақты орындайтын жинақы болмысыңмен жұмыс істеген ортаңда танылып, СПТУ директорының орынбасарлығына дейін көтерілдің. Жастарға ауылшаруашылығының длігір түрлі кәсіптерін шебер игеруін ұйымдастыруға дұрыс басшылық жасай білдің.

ҚИУ қарашаңырақ болып құрылғалы бері оқу орнының шаруашылық жағының шийін шығармай шебер басқарып, сенімді қолқанатымыз да

бола білдің, ризамын! Осы жылдар ішінде қалыпты мінез, адамгершілік қасиетіңмен көптің ықылас-құрметіне бөленіп жүрген тұлға ретінде қалыптастың. Құдай қосқан қосағың Гүлнар екеуің Жанарбек, Қанатбектей еліміздің Қарулы Күштері қатарында абыроймен еңбек етіп жүрген айбынды ұл, Мәдинадай аяулы қыз өсіріп, оларға жақсы тәрбие беріп, қатардан кем қылмай оқытып, ержеткіздіңдер. Бір-бір үй болуына болуына ықпал етіп, Ерасыл, Әмира, Дария, Арнұр, Нәдирадай үкідей-үкідей өдемі бес немере сүйіп отырған бақытты ата-әжесіңдер!

Жомарт көңіл, кең пейілді болып, халықтың, туған-туыстың, отбасында бала-шағаның қадірлісі, қамқоршысы болып жүре аман-есен бер. Өмірлерің ұрпақтарыңмен бұдан былай да жарасымын тауып, қуаныш-қызықпен нұрлана берсін!

ҚИУ ұжымы және туыстар атыраң Сені осы «дөңгелек датамен» жарқын көңілмен жолдаған құттықалымызды қабыл ал. Отбасыңа тыныштық, Бақыт-Телейіміз! Әрқашан абыройлы бол!

Арайлы алпысың құтты болсын!

ҚИУ президенті, профессор Нәдірбек Әпсәләмов.
Семей-2015 жыл, 19 қараша

